

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

“Тілді сүйе-тал бесіктен”

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/172046/

Ниязбаева Толғанай Ескалиқызы

Тақырыбы: «Тілді сүйе-тал бесіктен»

Мақсаты:

- Балаларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға үйрету.
- Тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы бала дүниетанымын, ой өрісін дамыту. мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

Көрнекіліктері: Тақырып жазылған сөз, қанатты сөздер, ұнтаспа, суреттер.

Қазақстан Республикасының гимні орындалады.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,

Алтын шуақ таратты

Қайырлы таң, балалар!

Қайырлы таң, апайлар!

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату-тәтті доспыз,кәне бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

Балалар:

Күніміз жарық болсын,

Аспанымыз ашық болсын,

Деніміз сау болсын,

Еліміз тыныш болсын

Досымыз көп болсын
Балабақшамыз жайнай берсін
Нанымыз көп болсын!

Тәрбиеші:

-Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?
-Бас қаламыз қай қала?
-Ұлтымыз қандай?
-Қай тілде сөйлейміз?
-Біздің Президентіміз кім?
-Жарайсыңдар, балалар!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болды.

Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін! – деп , ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз
жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

«Тіл – біздің тұтастығымыз”, «Тіл тағдыры – ел тағдыры” деп те айтып жүрміз.
Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауы тиіс. Туған тілдің
абыройын асқақтату — әрбір адамзаттың абзал борышы.
Тіл – таусылмайтын байлық.

Тақпақтар:

Бейбарыс

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің теңдігің
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышы елімнің.

Батыр

Ана тілді білмесең,
Шат-шадыман күлмес ем

Жер бетінде сайрандап
Қазақ болып жүрмес ем.

Бекзат

Ана тілім -тірегім
Ана тілім -жүрегім
Қасиетті елімнің,
Тек өзің деп білемін.

Шапағат

Ана тілім- елдігім
Ана тілім -ерлігім
Тілді биік құрметтеп,
Тойлап жатыр ел бүгін.

Аяла

Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән.
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған.

Ән: “Ана тілім”

Би: “Қазақ биі”

Ойын: «Оюлар» (құрастыру)

Мақал-мәтелдер

Жанбота: Ана тілің алпыс тілге татиды.

Аяла: Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.

Төреғали: Анам берген туған тілім,
Атам берген құрал тілім.

Адэль: Тіл қылыштан да

өткір.

Дильназ: Тіл- көңілдің кілті.

Еркежан: Тіл-бұлбұл ,сөз-бұлақ.

Тәрбиеші:

Біз балдырған тең басқан
Дос құшағын кең ашқан ,
Тілегіміз тыныштық
Ашық болсын кең аспан
Мықты болсын іргеміз бәрімізде біргеміз!

Ән: Ана тілім ардақты

Жүректен жүрекке шеңбері.

Жақсылыққа құмармыз,
Жақсы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!
Бізді жақтап отырған
Сіздерге де мың алғыс!

Осымен «Тілді сүй-тал бесіктен» атты тақырыптық іс-әрекетіміз аяқталды.
Көп рақмет!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.